

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 25-апта**

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК  
 Топ: Әр түрлі жастағы «Балдырған» тобы  
 Балалардың жасы: 3,4.  
 Жоспардың құрылу кезеңі 17.02-21.02.2025

Тәрбиешілер: Асылбекова Ж.Е., Калиакпарова Б.Р.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.02.2025	Сейсенбі 18.02.2025	Сәрсенбі 19.02.2025	Бейсенбі 20.02.2025	Жұма 21.02.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, қысқы ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p><b>Шаттық шеңбер.</b>                      (музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.)                      Отбасының гүліміз,                      Көңілді өтер күніміз.                      «Қайырлы таң!» деп айтамыз,                      Бір болып, кеште қайтамыз.</p> <p><b>Әңгімелесу:</b> «Қысқы спорттық ойындар» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу)  <b>Міндеті:</b> Сурет бойынша сөйлем құрастыруға байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сұрақтарға жауап беруде, өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулу. Сөзді естіп оны есте сақтай алу қабілеттерін дамыту.  <b>Сөздік қоры:</b> спорт, шаңғы.  <b>Апталық тақпақ:</b> (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)                      Шаңғы, коньки тебеміз,                      Аққала да жасаймыз.                      Достарменен бірге біз,                      Қысқы ойын бастаймыз!</p>				

	Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында . Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.				
Ертеңгілік жаттығу	№ 25. Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту) "Көңілді жаттығу"				
Таңғы ас	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) такпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Жасамас үшін ағаттық, Тыңда ақылды, қабылдап. Алдында ішер тамақтың, Қолыңды жу сабындап (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Д/ойын: «Қысқы белгілер» Міндеті: Балаларға қыстың ерекшеліктерін таныстыру.	Саусақ жаттығулары: «Аю ұйықтап жатыр» Міндеті: Балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру.	Д/ойын: «Қай спорт?» Міндеті: Балаларға қысқы спорт түрлерін ажырата білуге үйрету.	Д/ойын: «Кімнің ізі?» Міндеті: Аңдардың іздерін ажырата білуге үйрету.	Драматизациялық ойын: «Қысқы аңдар» Міндеті: Жануарлардың қимылдарын келтіруге үйрету.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті Ойын «Қыстың қызығы» ертегісі 3 жас Міндеті: Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану. Сөздік қоры: қыс, спорт. 4 жас Міндеті: Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу,	Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша) Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет Сюжеттік-рөлдік ойын: «Журналист» 3 жас Міндеті: Сөздік қорды заттардың	Математика негіздері «Зоопарк» д/ойыны. 3 жас Міндеті: Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең. Сөздік қоры: бір, екі, үш. 4 жас Міндеті: 5 көлемінде тура және кері санауға	Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша) Математика негіздері «Кімге қанша?» д/ойыны. 3 жас Міндеті: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы.	Музыка «Көңілді қимылдар» ырғақты ойын. 3 жас Міндеті: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Сөздік қоры: жүгіру, секіру, шапалақтау,

	<p>диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p> <p>Сөздік қоры: қыс, спорт.</p> <p><b>Математика негіздері</b> «Пішіндерді салыстыр» д/ойыны. 3 жас <b>Міндеті:</b> Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы. Сөздік қоры: үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер.</p> <p>4 жас <b>Міндеті:</b> Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру.</b></p>	<p>сапасы мен қасиеттерін білдіретін, сөздермен байыту.</p> <p>Сөздік қоры: хабарлама, интервью.</p> <p>4 жас <b>Міндеті:</b> Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.</p> <p>Сөздік қоры: хабарлама, интервью.</p> <p><b>Математика негіздері</b> «Пойыз» д/ойыны. 3 жас <b>Міндеті:</b> Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең.</p> <p>Сөздік қоры: ұзын-қысқа, бірдей, тең.</p>	<p>жаттықтыру.</p> <p>Сөздік қоры: бір, екі, үш, төрт, бес.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b> Д/ойын: «Үш аю» ертегісі. 3 жас <b>Міндеті:</b> Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Сөздік қоры: аю, орман, құймақ.</p> <p>4 жас <b>Міндеті:</b> Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға,</p>	<p>Сөздік қоры: бір, екі, үш.</p> <p>4 жас <b>Міндеті:</b> Қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: бір, екі, үш, төрт, бес.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет</b> Артикуляциялық жаттығу ( жаңылтпаш) Қоян қорқақ, Қорқақ қоян. 3 жас <b>Міндеті:</b> дауыссыз ( т-д,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қоры: қоян.</p> <p>4 жас</p>	<p>айналу.</p> <p>4 жас <b>Міндеті:</b> музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту</p> <p>Сөздік қоры: жүгіру, секіру, шапалақтау, айналу.</p> <p><b>Математика негіздері</b> «Қай қатарда көп?» д/ойыны. 3 жас <b>Міндеті:</b> Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы.</p> <p>Сөздік қоры: аз-көп.</p> <p>4 жас <b>Міндеті:</b> Тең ұғымын екі тәсілмен саны</p>
--	--	---	--	---	---

	<p>Сюжеттік-рөлдік ойын: «Қауіпсіз жол» 3 жас <b>Міндеті:</b> Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Сөздік қоры: белгі, бағдаршам, қозғалыс.</p> <p>4 жас <b>Міндеті:</b> Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту. Сөздік қоры: белгі, бағдаршам, қозғалыс.</p>	<p>4 жас <b>Міндеті:</b> Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу.</p> <p>Сөздік қоры: алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен.</p>	<p>кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p> <p>Сөздік қоры: аю, орман, құймақ.</p> <p><b>Қазақ тілі</b> «Сөйлемді аяқта» ойыны. 3 жас <b>Міндеті:</b> Өз ойын жай және жайылма сөйлемдер мен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Сөздік қоры: Кітап, балабақша, ойыншық.</p> <p>4 жас <b>Міндеті:</b> Сөз тіркесін құрастыруға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: Кітап, балабақша, ойыншық.</p>	<p><b>Міндеті:</b> Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Сөздік қоры: Қоян.</p>	<p>бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: «Қанша болады?», «қаншасы қалды?»</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Сәйкестендір» д/ойыны.</b> 3 жас <b>Міндеті:</b> Зат есімдерді көпше түрде. Сөздік қоры: Доп-доптар, алма-алмалар, гүл-гүлдер, құс-құстар.</p> <p>4 жас <b>Міндеті:</b> Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: Доп-</p>
--	--	---	---	--	---

					доптар, алма-алмалар, гүл-гүлдер, құс-құстар.
Серуенге дайындық №1	Серуен №25. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (еңбек ойын әрекеті)				
Серуен №1	<p><b>Кешен №25</b> <b>Күнді бақылау.</b> (Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті) <b>Міндеті:</b> Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. <b>Еңбек әрекеті:</b> «Қыс қызығы». <b>Міндеті:</b> Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. <b>Қимылды ойын:</b> «Айгөлек» <b>Міндеті:</b> Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.</p>	<p><b>Кешен №25</b> <b>Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.</b> (Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті) <b>Міндеті:</b> Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру. <b>Еңбек әрекеті:</b> «Ағаштардың түбіне қар үю» <b>Міндеті:</b> Үйілген қардың пайдасын түсіндіру. Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту. <b>Қимылды ойын:</b> «Тасымалдау ойыны» <b>Міндеті:</b> Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ептілікке баулу.</p>	<p><b>Кешен №25</b> <b>«Қар аралас жаңбырды бақылау»</b> <b>Мақсаты:</b> (Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті) <b>Міндеті:</b> Қыста қар аралас жаңбыр да жауатыны туралы түсінік беру. <b>Еңбек әрекеті:</b> «Қыс қызығы». <b>Міндеті:</b> Ойын алаңын ата-аналармен бірлесіп отырып безендіру, сырғанақ жасау, аққала соғу. <b>Қимылды ойын:</b> «Егер...» <b>Міндеті:</b> Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу.</p>	<p><b>Кешен №25</b> <b>Қарғаны бақылау.</b> (Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті) <b>Міндеті:</b> Қарғаның дене пішіні, түсі және қалай дыбыстайтынын бақылай отырып, барлық құстарға ортақ қасиеттерді айырып, оларға қамқор болуға үйрету. <b>Еңбек әрекеті:</b> Ағаш түптеріне қар үю. <b>Міндеті:</b> Балаларды еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. Үйілген қардың маңызын түсіндіру. <b>Қимылды ойын:</b> «Қыстап қалған құстар» <b>Міндеті:</b> Қыстап қалған құстарды және қыстамайтын құстарды атай білуге, олардың айырмашылықтарын айыра білуге үйрету.</p>	<p><b>Кешен №25</b> <b>Ағаштардағы қырауларды бақылау.</b> (Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті) <b>Міндеті:</b> Қыраудың пайда болу процесі туралы түсінік беру. Қар еріген кезде, күрт суық түскен және ауа-райы жылыған кезде айналаны қырау басқаны туралы балалардың назарын аудару. <b>Еңбек әрекеті:</b> « Біздің аула» <b>Міндеті:</b> Ауладағы қарды тазалау. Тазалыққа, үлкеннің еңбегін қадірлеуге үйрету. <b>Қимылды ойын:</b> «Қазан» <b>Міндеті:</b> Бірлесіп ойнауға шақыру. Балалардың көңілдерін көтеру.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)				
Түскі ас	Жасамас үшін ағаттық, Тыңда ақылды, қабылдап.				

	<p>Алдында ішер тамақтың, Қолыңды жу сабындап (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)</p>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>№ 25 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Қызыл – жасыл гүлі бар, Жұмсақтығы мамықтай. Сүртінесің жалықпай, Тазалықтың досы Сүлгі деген осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
Бесін ас	<p>Кезекшілердің жұмысы 4 жас (асхана аспаптарын, салфетқаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын!</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p><b>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру</b> Ойын: «Үйшік» 3 жас <b>Міндеті:</b> Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік</p>	<p><b>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру</b> Ойын: «Арыстаның қызықты оқиғалары» 3 жас <b>Міндеті:</b> Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы көрпе,</p>	<p><b>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру</b> Ойын: «Шаңғы» 3 жас <b>Міндеті:</b> Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеуге</p>	<p><b>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру</b> Ойын: «Қар мен шана» 3 жас <b>Міндеті:</b> Қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Сөздік қоры: қар,</p>	<p><b>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру</b> Ойын: «Көпір саламыз» 3 жас <b>Міндеті:</b> Өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге</p>

	<p>композициялар жасауға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: үйшік, шатыр, қабырға.</p> <p>4 жас  <b>Міндеті:</b> Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту.  Сөздік қоры: үйшік, шатыр, қабырға.</p>	<p>алаша орамал және т.б. жасау.</p> <p>Сөздік қоры: арыстан, ерлік, патша.</p> <p>4 жас  <b>Міндеті:</b> Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сөздік қоры: арыстан, ерлік, патша.</p>	<p>үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: шаңғы, спорт.</p> <p>4 жас  <b>Міндеті:</b> Балалардың көлемді пішіндер мен карапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p> <p>Сөздік қоры: шаңғы, спорт.</p>	<p>шана.</p> <p>4 жас  <b>Міндеті:</b> Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Сөздік қоры: қар, шана.</p>	<p>ойнату.</p> <p>Сөздік қоры: көпір, ұзын, қысқа.</p> <p>4 жас  <b>Міндеті:</b> Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.</p> <p>Сөздік қоры: көпір, ұзын, қысқа.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</p>				

	<p>3 жас</p> <p>1.Абан Алтынай, 2.Жолдабек Жасмин, 3.Төлеген Ертуған, 4.Оразғали Батырхан, 5.Қожахмет Томирис 6. Тулеген Елдос 7.Нұғыман Мадияр Д/ойын: «Кімнің дауысы?» Міндеті: Түрлі дыбыстарды тыңдау арқылы тану және ажырату дағдысын дамыту. (сөйлеуді дамыту – шығармашылық қызмет)</p>	<p>3 жас</p> <p>1.Дмитриева Афина, 2.Сағындық Нұрболат, 3.Амантай Жасмин, 4.Гараев Алан 5.Абзал Әлімұса 6.Базарбек Алихан Д/ ойын: «Сиқырлы сөздер» Міндеті: Жаңа сөздерді есте сақтау және қолдану дағдысын дамыту. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге үйрету. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)</p>	<p>4 жас</p> <p>1.Базарбекова Дария 2.Ғабиден Дінмухаммед 3. Тарғын Айдана 4.Хамитов Мансұр Д/ойын: «Сиқырлы қапшық» Міндеті: Баланы қолмен сезу арқылы затты анықтауға үйрету. Болжамдап суретін салуға дағдыландыру. (сурет – шығармашылық қызмет)</p>	<p>4 жас</p> <p>1.Балябин Максим, 2.Қожахмет Мейірхан, 3.Жолдабек Нұрислам 4.Касымбекова Азалия Ойын: «Не қайда тұрады?» Міндеті: Кеңестіктік ұғымдарды дұрыс қолдануға үйрету. Заттардың қайда орналасқанын ажыратуға үйрету. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)</p>	<p>4 жас</p> <p>1.Айсина Адия, 2.Жақсылық Әлихан, 3.Касен Алиша, Д/ойын: «Қайсысы артық?» Міндеті: Логикалық ойлау және талдау қабілеттерін дамыту. Салыстыру дағдысын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)</p>
<p><b>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы</b></p>	<p>Дид.ойын: «Дыбыстар әлемі» Міндеті: Есту мен сөйлеу қабілеттерін дамыту. Дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Базарбекова Дария, Сағындық Нұрболат</p>	<p>Дид.ойын: «Сенсорлық саяхат» Міндеті: Тактильді (қолмен сезіну) қабылдауын жетілдіру. Материалдардың текстурасын ажырата білу. Сағындық Нұрболат Базарбекова Дария</p>	<p>Дид.ойын: «Пазл» Міндеті: Пазл жинау арқылы логикалық ойлауды ынталандыру. Әр баланың өз үлесін қосуна жағдай жасау. Сағындық Нұрболат Базарбекова Дария</p>	<p>Дид.ойын: «Мен кімін?» Міндеті: Балаға өз денесінің ерекшеліктерін айтып, негізгі дене бөліктерінің атауларын үйрету. Базарбекова Дария, Сағындық Нұрболат</p>	<p>Дид.ойын: «Сиқырлы түстер» Міндеті: Балаларға негізгі түстерді таныстыру және оларды ажырата білуге үйрету. Базарбекова Дария, Сағындық Нұрболат</p>
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. 4 жас Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті)</p>				

	<p>Жуын, жуын, жуынсақ, Қандай жақсы, қуыршақ! Әйтпегенде, бөпешім, Кірлеп кеткен екенсің. Қазір аппақ баласың, Қуанады анашың. Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет!</p>				
<b>№ 2 серуенге дайындық</b>	Серуен №25. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу) (физикалық белсенділігін дамыту)				
<b>№ 2 серуен</b>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)</b> №1 серуенді бекіту <b>Қимылды ойын:</b> «Ақ серек, көк серек», <b>Міндеті:</b> Ептілікке, шапшаңдыққа, байқампаздыққа үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: асықпа, итерме.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)</b> №1 серуенді бекіту <b>Қимылды ойын:</b> «Шаңғышылар жарысы» <b>Міндеті:</b> Балаларды шаңғы тебу қимылдарын дұрыс жасауға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: шаңғы, жаттығу, таласпа.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)</b> №1 серуенді бекіту <b>Қимылды ойын:</b> «Қар жинаймыз» <b>Міндеті:</b> Қысқы ойындарға қызығушылық қалыптастыру. Қимыл-қозғалысын дамыту.</p> <p>Сөздік қоры: қар, себет, асықпа, итерме.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)</b> №1 серуенді бекіту <b>Қимылды ойын:</b> «Аю мен қоян» <b>Міндеті:</b> Жылдамдыққа және дұрыс бағытты таңдай білу дағдысын дамыту.</p> <p>Сөздік қоры: кедергі, секіру, байқа.</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті)</b> №1 серуенді бекіту <b>Қимылды ойын:</b> «Қар лабиринті» <b>Міндеті:</b> Балаларды қар лабиринтімен таныстыру. Қысқы спорттық терминдер мен ұғымдарды меңгету.</p> <p>Сөздік қоры: лабиринт, кедергі, бағыт, асықпа.</p>
<b>Балалардың үйлеріне қайтуы</b>	Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Сөздік қоры: Сау болыңыз, Сау болыңыздар!				

Тексерілді: 17.02.2025 таспа нөмірімен;

кеңес берілген: Камисова А.С.

*Камисова А.С.*